


Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# Қазақ университеті

1978
ЧЕТВЕРГ
28
ДЕКАБРЯ
35—36
(1088—1089)
Газета издается с 20 апреля 1948 года
Цена 2 коп.

ОРГАН ПАРТКОМА И РЕКТОРАТА КАЗАХСКОГО ОРДЕНА ТРУДОВОГО КРАСНОГО ЗНАМЕНИ ГОСУДАРСТВЕННОГО УНИВЕРСИТЕТА им. С. М. КИРОВА

## С НОВЫМ ГОДОМ, ДОРОГИЕ ДРУЗЬЯ!

Вот и ушел в прошлое 1978-й. Он был еще одним годом, который приблизил нас к нашему светлому будущему. Год больших строек и героического труда, год грандиозных свершений и огромных достижений в области науки, техники и культуры. Очередной год 10-й пятилетки.

Каждый из вас по уже установившейся традиции будет встречать Новый год в кругу друзей, родных, знакомых. Каждому из вас в торжественные минуты встречи с Новым временем хочется сказать много теплых слов окружающим людям, пожелать им счастья, удач, радостей, здоровья.

Нам хочется пожелать Вам сего дня исполнения всех заветных надежд, самой светлой, прекрасной мечты, пожелать улыбок, смеха, новых, больших дорог, преданных верных друзей, всего, без чего не может жить на свете человек.

Будьте счастливы в Новом году!

Ректорат, партком, местком, комитет комсомола, профком, редакция газеты «Казахский университет».



*Поздравляем!*

## НИРС в КазГУ

Много хороших дел и традиций оставляет нам уходящий год. Достигнутые успехи навсегда останутся в копилке 1978-го. И когда мы будем вспоминать о них, то добрым словом будем вспоминать вместе с ними и год 1978.

Работа общественных организаций университета, высокий уровень учебного процесса, научно-исследовательская деятельность — это только малая толика большой жизни нашего вуза.

Прощаясь с 1978 годом, хочется еще раз вспомнить все самые хорошие и самые славные его дела.

На одном из заседаний парткома КазГУ были обсуждены вопросы научно-исследовательской работы профессорско - преподавательского состава кафедр и сотрудников лабораторий в связи с выходом в свет Постановления ЦК КПСС и Совета Министров Союза ССР «О повышении эффективности научно-исследовательской работы в высших учебных заведениях».

В настоящее время в университете разрабатываются 390 научных тем, из которых 17 выполняются по народнохозяйственному плану и 18—по отдельным Постановлениям правительства, 80 тем координируются планами АН СССР и Казахской ССР. Общий объем выполняемых НИР в 1978 году составляет, 5,5 млн. рублей из которых более 4 млн. рублей по хоздоговорам с научно-исследовательскими институтами, предприятиями и организациями ряда Министерств СССР и союзных республик.





На этих снимках вы видите научно-исследовательские лаборатории кафедры прикладной математики. Эта кафедра ведет большую научно-исследовательскую работу в области разработки новых методов деятельности механизмов, которые будут применяться в народном хозяйстве в недалеком будущем.

Фото В. Бородихина.

## ЦЕНТР ОБЩЕНИЯ

В субботу или воскресенье каждой недели гостеприимно открывает двери наш дискоклуб «Патефон».

Когда-то о дискотеках говорили только как о «деянии», «направлении», «моде» в молодежном движении. Однако сейчас, когда идет процесс «стремительного повышения уровня образования и культуры современной молодежи», дискотеки-дискоклубы, как новые формы музыкального и эстетического воспитания молодых людей, стали необходимостью.

Учитывая это, комитет комсомола КазГУ совместно с активистами движения «За дискотеку!» разработали еще полгода назад темы дискоклуба. Их двадцать. Здесь и «Музыка народов мира», и «Песни сопротивления», и «Творчество ВИА «Песняры», и «Музыка Поля Мориа»... Но в этом списке трудно было учесть желания, настроения, знания всех студентов. Этот список— только проба. Надо сказать, что проба небезуспешная. Любой вечер в дискотеке «Патефон» проходит интересно, весело.

Однако, сегодня, комитет комсомола КазГУ и ребята — организаторы «Патефона» думают над тем, как можно было бы разнообразить дискотеки. Положим, знакомить гостей дискоклуба не только с музыкальными новинками, но включать в программу и выступления самодеятельности, а может быть показывать мультфильмы или проводить поэтические вечера.

Многие ребята нашего вуза побывали за границей, были гостями дискоклубов ГДР, Чехословакии, Венгрии... Думаем, у студентов будут какие-то пожелания, а, может быть, и полностью составленные программы вечеров в дискотеке. Поэтому ждем вас с предложениями в комитете комсомола КазГУ.

Пусть наш клуб станет центром общения!

**Активисты дискотеки «Патефон».**



## ДОРОГИЕ ЧИТАТЕЛИ!

Просим Вас внести свои предложения по улучшению содержания и оформления газеты и ответить на несколько вопросов:

1. Какие материалы Вы хотели бы увидеть на страницах нашей газеты в 1979 году? О ком хотели бы прочесть, узнать, написать сами?
2. Какие проблемы следует поднять в газете?
3. Каких материалов, тем, на Ваш взгляд, не хватает в нашей газете?

Ваши предложения и ответы просим присылать по адресу: ул. Кирова, 136, ком. 111, тел. 69-66-87. Редакция газеты «Казахский университет».

## *ПОЕДЕМ...*

портажи из оленеводческих звеньев.

«ЯК-40»— незаменимый работяга Дальнего Востока — карабкался вверх. Удобно устроившись рядом с кабиной пилота и обхватив руками репортер, я то принималась разглядывать коренных камчадалов, то все старалась представить себе места, которые увижу через какой-то час. Но нет, это было недоступно моему воображению.

— Девушка, вы, случайно, не из прессы? — встряхнул меня чей-то голос. Мужчина в кресле напротив кивнул на репортер, лежавший на моих коленях и добавил:

— Может быть, коллеги?

Познакомились. Михаил Ростарчук — участник агитрейса газеты «Известия» по Сибири и Дальнему Востоку. Сознательно отстал от друзей, улетевших на Сахалин. Цель — тоже встретиться с оленеводами. Мы разговорились, время в полете прошло незаметно. Объявили посадку в Оссоре. Дружеское рукопожатие на прощанье и уникальный номер «Известий» в подарок (этот выпуск был сверстан специально для экипажа «Салют-6» Ю. В. Романенко и Г. М. Гречко и доставлен им на «Прогресс»). Я подумала о том, что эта необычная, добрая встреча, должно быть, хорошая примета для моей начинающейся командировки.

Итак, Оссора. Небольшой городок на побережье Берингова моря. Здесь живут строители и вертолетчики, рыбообработчики и охотники, люди многих других профессий, преданные этой суровой земле. Привычные к жестоким морозам, к буранам, сбивающим с ног, к снежным заносам, высотой с двухэтажный дом. Привычные не к теплому лету, а к проливным дождям, муссонам да туманам. Бывает, что неделями вертолет не может вылететь в табун к оленеводам. Мерзкая погода.

Но мне поразительно везло. Уже на аэродроме пришлось снять большевую куртку, предусмотрительно взятую на случай плохой погоды. Неяркое северное солнце дышало теплом, а морская прохлада так приятно щекотала в носу, что хотелось глотать и глотать непривычный солоноватый воздух, пока не закружится голова. Я шагала к зданию редакции районной газеты. Настроение было, как выражаются моряки, на пять баллов.

**Е. ВЛАСОВА.**

**(Продолжение следует).**

## ӨНЕГЕЛІ ӨМІРДІҢ ӨРНЕКТЕРІ

### ҒЫЛЫМНЫҢ ҚИЯ БЕЛІНДЕ

1951 жылдың көктемі.

Қазіргі заң факультетінің оқу корпусында әдеби кеш өтіп жатқан еді. Кеш тақырыбы — М. Әуезовтың «Ақын аға» романы туралы. Мінбеге орта бойлы, толықша келген жас жігіт көтерілді. Ол ұлы жазушының романы жайлы баяндамасын оқи бастады. Құрметті президиумда Мұқаңның өзі де отырған еді.

Баяндама оқылып біткенде, кітап авторы өз ризашылығын жасыра алмады. Ол жас жігіттің білімдарлығын, ізденімпаздығын сезгендей еді.



Баяндамашы — Қазақ Мемлекеттік университетінің филология факультетінің 1 курс студенті Сұлтанғали Садырбаев болатын

Осыдан кейін-ақ ұлы жазушы мен білімді студент арасында жылы қатынас орнады. Сұлтекеңе диплом жұмысын да М. Әуезов ұсынды. «Абайдың эстетикасы» деген тақырыптағы С. Садырбаевтың диплом жұмысын Мемлекеттік комиссия айрықша өте жақсы деп бағалады.

Студенттік өмір — орта мектептегі ұстаздық жолға жалғасты. Арада бес жыл өткенде ол аспирантураға қабылданды. Бұл ғылымға апарар бастау еді.

Академик Әуезовтың кеңесімен ол қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерін зерттеуге кірісті.

Ақырында «Қазақ эпосының тұтастану мәселесі» деген тақырыпта филология ғылымының кандидаты дәрежесін алу үшін ғылыми диссертация қорғады.

Академик Жирмунский диссертацияны жоғары бағалап, жылы лебіз білдірді.

Сұлтанғали Садырбаев өз диссертациясында атақты Мұрын жыраудың «Қырымның 40 батыры» деген эпостық дастанның тарихи негіздері мен көркемдік ерекшелігін зерттеген еді... Сұлтекең бұдан кейін баспасөз бетінде қазақ ауыз әдебиетіне байланысты 90-нан астам мақала жариялады.

Ғалымның 1976 жылы шыққан «Фольклор және эстетика» атты монографиялық еңбегі оқырман қауым арасында жоғары бағасын алды. Бұл кітап республика, Москва көрмелеріне қойылды. Ал, 1977 жылы филология — журналистика факультетінің студенттеріне арналған «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» деген оқулық жазып, жарыққа шығарды.

Бұның бәрі ғалым С. Садырбаевтың ғылымдағы ізденістерінің айғағы.

Ал, ұстаз ретінде ше? Ол көп жылдардан бері университетте қазақ ауыз әдебиетінен сабақ береді. Филология факультетінің жанынан ұйымдасқан М. Әуезов атындағы әдеби бірлестіктің атқарған жұмыстары кімде-кімге аян екені белгілі. Бұл бірлестікті де Сұлтекеңнің өзі басқарады. Бірлестік жұмысы жайлы кезінде «Огонек» журналы жазды. Москва Мемлекеттік университетінің парткомынан тәжірбие алмасуға өкіл келді.

«Алда атқарар жұмыстар көп, «Қазақ фольклорының эстетикасы» деген тақырыпта монографиялық еңбек дайындап жүрмін,—дейді ғалым аға,—әдеби брілестіктің жұмысын одан әрі жүргізу керек».

Ұстаз. Ғалым.

Осы екі жолды қатар алып келе жатқан филология ғылымдарының кандидаты ұстаз Сұлтанғали Садырбаев ғылымның қиясына қарай өрлеп барады.

**Нұр-Мұхамед ДИЯРОВ.**




### ЖЫРЛАЙЫҚ КӘНЕ, БҰЛ КҮНІ

Армысың, әсем жаңа жыл!
Сағынышпен сені шын күткем.
Жазайын саған жаңа жыр
Ақындық таза пәктікпен.
Бар сенің әнің ақ қарда,
Қаңтарда жауған алғашқы.
Бар сенің әнің қырларда,
Шырқаған жастар талмастан.
Бар сенің әнің бақтарда
Әсем үнмен айтылған.
Бар сенің әнің сырларда
Сол бір күні ой тұнған.
Жаңа жыл деген көп бақыт,
Көп бақыт, біткен-бітпеген.

Мөлдіреп тұрған жанарлар
«Келер жылды күт» — деген.
Жаңа жыл құрыш көп қолдар,
Туған жер төсін түлеткен!
Көз ілмес жалын жүрекпен.
(Шекарада тұрған жауынгер)
Тыныштығын елдің күзеткен!
Жаңа жыл-күміс күлкілер,
Қыздардың әсем сыңғыры.
Салайық әнге іркілмей
Жиналып тағы бұл күні.

Ермек ЗӘҢГІРОВ,
журналистика факультетінің студенті.

## *За активное участие*

**За активное участие в проведении праздничной демонстрации представителей трудящихся города Алма-Аты на площади им. В. И. Ленина 7 ноября 1978 года Алма-Атинский горком Компартии Казахстана объявил благодарность студенту 5 курса юридического факультета КазГУ Михаилу ТЕНУ.**

**От души поздравляем Михаила и желаем больших творческих успехов в новом году.**

# ОРТАҚ ПІКІРЛЕР

## ДИАЛОГЫ

Үйірме жұмыстарына тәжірибелі профессорлар мен доценттер басшылық етеді. Бір айта кететін жәй, үйірме жұмысына тек қана күндізгі бөлімде оқитын студенттер ғана емес, сырттай оқитындар және даярлау бөлімінің тыңдаушылары да тартылып отыр.

**Р. ӘМІРОВ:** Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына тартылуы университет пен факультетте қандай деп сұрайсыз.

Түгел университет жөнінде толық дерек беруім қиын. Бірақ былтырғы жылы бүкілодақтық жарыста біздің университеттің екінші орын алуы үлкен жетістік екені сөзсіз. Бұл бір жағы студенттердің ғылыми жұмысқа қатысуы мол екенін, студенттер орындап жатқан ғылыми жұмыстың сапасы мол екенін көрсетеді. Ал, біздің факультеттің жайына келсек, бізде 7 ғылыми үйірме бар. Бұл үйірмелерге 250-дей студенттер қатысады. Қоғамдық ғылымдар жөнінен университет бойынша өткен конференцияда 72 студент біздің факультеттен баяндама жасады. Тіл әдебиеті саласынан өткен конференцияда 83 студент баяндама жасады. Осы көрсеткіштеріміз студенттердің ғылыми жұмысқа тартылуынан факультетте біршама жұмыс істелініп жатқанын көрсетеді. Бірақ, бұл жеткілікті табыс деп есептемейміз. Біздің студенттердің ғылыми жұмысқа одақтық конкурсқа молынан қатысып, көптеген жүлделерге ие болғанын тілер ек.

**ТІЛШІ: Бүгінгі студенттің білікті маман боп шығуында қоғамдық мамандықтар факультеті мен жас лекторлар мектебінің ролі қандай?**

**У. ШАЛЕКЕНОВ:** Бүгінгі студент — ертеңгі маман, қоғам қайраткері, сондықтан олардың үлгілі оқу, өнегелі тәртіп қоғамдық жұмыстарға жан-жақты араласуына зор мүмкіндіктері бар. Студенттердің өсуіне, тәжірибе жинақтауына ОПП-м үлкен көмек береді. Бұл салада қоғамдық мамандықтар факультетінің және жас лекторлар мектебінің берері көп-ақ. Сессия қорытындысы бойынша тарих факультеті университет бойынша 3-орынға ие болды. Дегенмен, біз бұл көрсеткішпен шектеліп қоймаймыз, біздің мүмкіндіктеріміз мұнан да жоғары, сол мүмкіндіктерді толық пайдалану жолында көптеген жұмыстар жүргізілуде.

**Р. ӘМІРОВ:** Үшінші сұрағыңызға айтарым — сөз жоқ, қоғамдық мамандықтар факультеті мен жас лекторлар мектебінің студенттерді маман ретінде баулуда қызметі зор. Өйткені, өз мамандығын игерумен қатар, көпшілік арасында ғылыми, насихат жұмысын атқаруға тиіс. Совет интеллигенті деген зор атақ сонда ғана ақталады.

**ТІЛШІ: «Декандар диалогының» дағдылы сауалы: жүз проценттік үлгерімге жетуге бола ма?**

**У. ШАЛЕКЕНОВ:** 100 проценттік үлгерімге жету оңай емес, себебі бұл көптеген себептерге байланысты. Солай бола тұрса да оған жетуге болады, ол үшін ауадай қажетті шара—факультет қоғамдық ұйымдарының және студенттер коллективінің белсенділігі керек. Біздің коллектив осы межеге жету жолында күресіп келеді.

**Р. ӘМІРОВ:** Жоғары оқу орындарында 100 процент үлгерімге жетуге мүмкіншілік бар. Өйткені, жоғары оқу орнына конкурстан іріктеліп өткен таңдаулы оқушылар түседі. Оған негізінен қалаған мамандығын сүйіп, тілеп келген жастар түседі.

**ТІЛШІ: Жаңа жыл — жаңа іс бастауы. Алдағы жылға қойған мақсат-межелеріңіз қандай? Сонымен бірге алғашқы диалог туралы пікіріңізді білгіміз келеді.**

**У. ШАЛЕКЕНОВ:** Өткелі отырған 1978 жылы тарих факультеті жеткен табыстар қомақты, дегенмен, біздің факультет Жаңа жылда жаңа табыстарға жететініне сеніміміз мол.

Тарих факультеті әрқашанда алдыңғы қатарда бола береді. Тарих факультетінің коллективі жаңа оқу жылына жан-жақты даярлықпен келді. Қазір олар қызу еңбек үстінде, лекция, семинар жұмыстары программаға сай өтуде. Сонымен қатар студенттердің өз бетімен жұмыс жасауы факультетте дұрыс жолға қойылған, программаға сай дер кезінде тапсырмалар беріліп, мерзімді уақытына сұралуда. Алдымыздағы келе жатқан қысқы сессияға жан-жақты даярлық үстіндеміз, оған деканат, партия, комсомол, және кәсіподақ ұйымдары дұрыс көңіл бөлуде.

Факультетіміздің бүкіл коллективі болып жас мамандар даярлауға, олардың сапалы білім алуына күш салуда. Биылғы жылы тарих факультетін бітірген 66 студенттің 7-і үздік диплом алды, солармен қатар көптеген студенттер жақсы оқып, сапалы білім алғандығын мемлекеттік емтихан нәтижесінде көрдік.

Декандар диалогінің басталғаны орынды. Күнбе-күн ауыз-екі-пікір алысып жүргенімізбен газет бетінде ой бөлісіп, тәжірибе алмасқанымыз құба-құп. Бұл әлі сөз басы болса керек.



**Р. ӘМІРОВ:** Әңгіме болашақ маман тұрғысында болғандықтан, декандарымыздың ой толғағаны орынды. Алдағы кезде университет, факультет алдында тұрған келелі мәселелер сөз болар деп сенеміз.

Алға қойған мақсат-меже дейсіз бе? Ол көп қой, орындала берсе. Бірін ілгеріде айтып кеттім. Ең алдымен үлгерімнің сапасын жақсарту, үздік студенттердің, төрт пен беске оқитын студенттердің санын көбейту, студенттерге коммунистік білім, тәрбие беруді одан сайын жақсарта беру қажет.

Екіншісі—студенттеріміздің ғылыми-творчестволық дарынын ашу, жетілу, белсенділігін арттыру. Осы жұмыстың формасын, мазмұнын жетілдіру. Факультетімізде талантты студенттер, көптеген дарынды ғылым — өнер иелері кезінде осы факультеттен шыққан болатын. Дарын, талант болған жерде істің кейіншегі болмайды.

Үшіншіден, жаңа жылда факультетіміз жаңа үйге көшіп, кеңісе екен дейміз. Әңгімеміз, Жаңа жыл, жаңа жылдың міндеті жайлы болған соң, сәтті пайдаланып факультетіміздің қадірлі профессорларына, мұғалімдеріне, студенттерімізге жақсы тілегімді айта кеткім келеді. Тілегім — Жаңа жыл құтты болсын, дендеріңіз сау, еңбек жемісті болсын!

**ТІЛШІ: Әңгімелеріңізге көп рахмет!**

**Әңгімені жүргізген Елгезек ӘЗБЕРГЕНОВ.**

